

# АҚТӨБЕ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТ

# Қажығали

«Ақтөбе» газетінің қосымшасы



1942 жылы туу оңай болып па? Оның үстіне бұл сәбидің әкесі одан бес ай бұрын Сталинград түбіндегі қанды шайқаста қаза болып кетсе ше? Қажығағ өмірге солай келген екен.

Бұл ұрпақтың ішінде не сезім жатқанын біз білмейміз. Тек жобалаймыз. Жобаболжамымыздың ақпарат көзі — сол 42-жылы туғандардың, соның ішінде жазушы болып қалыптасқандардың сұхбат-әңгімелері немесе көркем туындылары. Бірақ сұхбат беру үшін, көркем туынды жариялау үшін бұларға әлі 25-30 жыл уақыт керек еді. Сол 25-30 жыл өткен шақта, алпысыншы жылдардың соңы мен жетпісінші жылдардың басында қазақ әдебиетінің жайлауына бір-бірімен жарысқан біраз тай-құлын ойнақтап шыға келіпті. Осыны тиянақтай кетсек, 1992 жылы Алматыда 1942 жылы туған ақын-жазушылардың ортақ мерейтойлық кеші өтті, сонда бұлардан иткөйлекті бұрынырақ тоздырған Әбекеңе — Әбіш Кекілбайұлына сөз тиген.

«Біле білсек, бұл өзі — жан тебіренерлік оқиға екен... Тап осы ұрпақтың бұл дүниеге келуі де, келмеуі де, келген күнде де, тап осы дәуренге жетуі де, жетпеуі де ықтимал еді. Келді. Жетті. Бұған қалай төубе демессің, ағайын?!», — деп бір тебіренген Әбекең.

«Қан қасап тұсында да тек бір жылда тек бір әдебиеттің өзіне самсатып жиырма бес қаламгер қосқан қандай перен жұрт едік өзіміз?! Бұл буын — санымен емес, сапасымен де, туған жылымен емес, қосқан үлесімен де көңіл марқайтатын көрікті, төл дамуымызға белес бола аларлық бедел қоса алған тарихи буын», — деп тағы бір түйіп тастаған Әбекең.

Міне, осындай себептермен де Байғанин өңірінің Кемерши ауылында дүниеге келіп, Алматыда көктеген Қажығағмыздың туған жылына ерекше мән бермекке амалымыз да жоқ екен. Содан бергі аралықтағы Қажығағ жазушылығының бастауышы — «Жөке атай» әңгімесі болса, баяндауышы — «Тар кезең» романы. Ал екі ортада толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш рөлдерін атқарған көптеген әңгімелер мен повестер (қазіргіше айтқанда, хикаяттар) бар.

Әңгіменің басын ашып алайық, Қажығағ көркем дүниені қойдай қоздатып жаза берген асығыс-үсігіс қимылды өнімділердің қатарынан емес. Сұхбат алған журналистің «Сіз бұрыннан сырбаз, аз жазсаңыз да саз жазатын жазушысыз. Соңғы кездері оқырмандар жоғалтып алған сияқты» деген сауалына, «Ағымнан жарылып айтар болсам, осы бір «аз жазсаңыз да саз жазушысыз» деген сөз — бұрын маған мақтау секілді естілетін. Қазір қарап отырсам, ол — менің де, мен сияқтылардың да үлкен кемшілігі ме деп ойлаймын. Асылы, жазушы болған соң, адам барында көп жазғанға не жетсін» деп жауап беретіні бар.

Бірақ бұл тіпті де қалам суытудың тосын белгісі емес, жаңа ізге түсудің заңды салдары еді. Әңгіме мен повестері қалың жұртқа қадірлі болған қабырғалы қаламгер осыдан жиырма жылдан астам уақыт бұрын әбден ойланып-толғанып алып, қазақ тәуелсіздігі үшін

## ІЗДЕЛЕТІН ҚОЛТАҢБА

күрестің бастауында тұрған тарихи тұлға, әрі би, әрі батыр Сырым Датұлы туралы роман жазудың қамына кірісіп кеткен болатын. Ал әрбір әңгіме мен әр повестің әр әрпін шеге қаққандай тиянақтап әрлемесе көңілі көншімейтін ағамыздың енді мына көлемді туындыдан басқаға алаң болмайтыны біраз жұртқа сол кезде-ақ мәлім болып қалған. Сол романның да нүктесі қойылды, міне!

Енді осы романда әдеби орта, оқырман қауым баяғыда-ақ мақтаулы бағасын беріп қойған, әркімнің етене жақынына айналып кеткен бұрынғы әңгімелер мен повестерді қоссақ, жазушы Қажығали Мұханбетқалиұлының көз қандырар толық бейнесі шыға келмей ме?!

Қажығағның әдебиетте меншіктел алған жеке тақырыбы жоқ. Бірақ қаламын өзі білетін де, білмейтін де оқиғалар мен замандарға сүйреңдете берген де емес. Әрті ғасырдағы немесе бергі жандық соғыстағы кей фактілерді қалайша шырайлы шығармаларға

айналдырғанын біле тұрсақ та, бізге бұл ағамыз өзі бастан кешкен сол жетпісінші, сексенінші жылдардағы қоғамның білгір тамыршысы секілді көріне беретіні бар. Әдеби дүниелерді былай қойғанда, кәдімгі деректі туындыларға үңілгенде де, осы жылдар ішінде қазақ жұртының ерекше бір өзгеріске түсе бастағаны байқалып тұрады. Мысалы, сонау ықылым заманнан бері үзілмей келе жатқан қоспасыз қазақы ықылас пен тұнық қазақы бейіл, зерделі ақсақалдардың айтқанын екі етпейтін қазақы заң мен жүрегіңді жылытатын қазақы иба, маңдайыңнан сипауға өзір тұратын қазақы мейірім мен қуанышыңа шындал ортақтаса кететін қазақы тілектестік, әйтеуір, қазақты қазақ етіп келе жатқан көптеген қасиеттерге осы жылдары әрқилы «түзетулер» ене бастаған екен. Тең теңімең тезек қабымен өмір сүру принципі, социалистік меншіктің ортақ үлесі мен жеке рахаты хақындағы түсініктер мен әрекеттер, тамырлық пен таныстықтың кеңселерге еркін ене бастауы мен ерсі мансап-

қорлық, тойымсыз тоғышарлық пен жәдігәй жағымпаздық, сүт қатқан қулық тәрізді, санасаң балалай беретін талай кемшіліктеріміз, сол заманда белең ала бастапты. Соның барлығын көзімен көріп жүрген соң, көкірегімен түймеске амалы қалмаған Қажығағ ақ қағазға тізілтіп сөз түсіре беріпті.

Сөйтіп, қазақ әдебиетіне «Қаңтардың қара суық түні», «Бір машина шөп», «Сынған терезе», «Қарымта» тәрізді қыруар әңгімелер, «Ескі достар» тәрізді бірқатар повестер қосылыпты, жай қосылмапты, аталған екі жанрдағы шоқтығы биік туындылар ретінде әдеби орта сүйсіне әңгімелеген оқырман тамсана оқыған сүйекті шығармаларға айналыпты.

Сексенінші жылдары «Жалын» баспасы жыл сайын «Сөзстан» деген жинақ шығарып тұрғаны есімізде. Ол шын жазушы мойындалатын таласыз көркем туынды мақталатын заман еді ғой. Соған орай «Сөзстан» да өзгеше бір талғампаздықпен түзілетін Жаңа туындылар талданып, әр жанрдың білгірлері сөз алатын осы жинақтың «Жазушы лабораториясы» дегенге саятын (анық атын ұмытыппын) айдары болды. Бұл айдарға қалың қазаққа аты мәлім бір-екі қаламгер шақырылып, жастарға үлгі, қатарластарына құлаққағыс, оқырманға сырласу ретінде өз творчествосы мен күнделікті тіршілігі жайында шынайы сөз қозғайтын. Сол кітаптардың бірінен сол кезде жазушы Қажығали Мұханбетқалиұлының өз лабораториясы жайындағы сырларын оқып, өзіміз мықты деп санайтын өз ағамыздың расында да мықты екеніне, біздің ағамызды өзгелер де біз секілді мойындайтынына көзіміз жеткені бар. Сол уақытта Қажығағның қырық жасқа не толып, не толмай жүрген шағы. Қазақтың көзі тірі классиктері атанған ағаларымыздың есен-сау жер басып жүрген кезі. Ендеше сөйткен жазушыны, әлгі жоғарыдағы журналистің сауалында айтылғандай, оқырман неге іздемесін. Іздейді.

Сөйткен Қажығағмыз, міне, жетпіс жасқа жайша емес, Сырым батыр туралы жазылған «Тар кезең» романымен келіп отыр. Бұл романда «Егемен Қазақстан» бастаған ірілі-ұсақты басылымдар бірқатар дәмді сөздер арнады. Жазушының жеке өзіне айтылып жатқан пікірлер өз алдына ғой. Той тойға ұласып жатыр деген — осы.

Қажығағ, жалаулы, жаралуы жетпісіңіз құтты болсын Қажымаңыз.

Ертай АШЫҚБАЕВ.

## ӨМІРБАЯНДЫҚ ДЕРЕКТЕР

1942 жылы 8 желтоқсанда Ақтөбе облысы, Байғанин ауданындағы Кемерши ауылында туған.

1965 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін үздік бітірген. Одан кейін Ақтөбе облыстық радио және телевидение комитетінде, облыстық «Коммунизм жолы» газетінде, «Қазақстан» баспасында, «Жұлдыз» журналында, «Қазақ әдебиеті» газетінде редактор, аға редактор, аға әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, орыс-қазақ тілдерінде шығатын «Жаңа фильм» журналының бас редакторы болған. Кейінгі жылдары ҚР Президенті аппаратында, Парламентте, «Таң-Шолпан» журналында қызмет істеген.

Р.Акутагава, С.Мозм, П.Мэриме, Ги де Мопассан, Д.Фонвизин, С.Чубек, Л.Хонванно, Дж. Одинаев, Х.Абдуллин, т.б. жазушылардың жекелеген әңгімелерін және түркімен жазушысы Т.Жұмагелдиновтың «Егес» атты кітабын, орыс жазушысы А.Скалонның «Бақыттың алтайы түлкісі» атты әңгімелер мен повестер жинағын қазақ тіліне аударған. Өзінің де бірқатар әңгімелері мен повестері шет тілдеріне аударылып жарық көрді.

Қазақтың XVIII ғасырдағы отаршылық езгіге қарсы күресінің басшысы, әрі би, әрі батыр Сырым Датұлы туралы ұзақ жылдар бойы зерттеу жүргізген ол ондаған мақалалар жазып, осы бір айтулы тұлғаның өмірі мен қоғамдық қызметі жөнінде республикалық «Арыс» баспасынан «Сырым Датұлы» атты жинақты өзі құрастырып, алғы сөзі мен түсініктемелерін де өзі жазып («Сырым Датұлы», «Арыс», 2004 ж.) жарыққа шығарды. Бұл іс биыл «Тар кезең» романымен түйінделді.

2003 жылы «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді. Тәуелсіздіктің 10 жылдығына арналған медалмен марапатталған. Байғанин ауданының құрметті азаматы.

**Шығармалары:** Жұлдызды түндер. Әңгімелер. А., «Жазушы», 1972; Тоғай сыбырлары. Повестер мен әңгімелер. А., «Жазушы», 1974; Жаңғырық. Әңгімелер мен повестер. А., «Жалын», 1978; Старые друзья. Рассказы и повести. А., «Жазушы», 1981; Қайдасың сен махаббат. Әңгімелер мен повестер. А., «Жалын», 1984; Дороги жизни. Рассказы и повести. А., «Жазушы», 1986; Сынық терезе. Әңгімелер мен хикаяттар. «Елорда», 2003; Жалғыз жиен. Әңгімелер мен повестер. «Жазушы», 2005; Алабұға, аққайран. «Бауыр», 2008. Тар кезең. Тарихи роман. «Мерекенің баспапар үйі», 2012.